Бауырсақ	Шығармашылық қабілеттілікті дамыту.
Шағала	Коммуникативті қабілеттілікті дамыту.

Сәлемдесу	Коммуникативті және байланыс, қарым – қатынасты дамыту. Сөздік қорды кеңейту.
Жақсылық жасайық	Коммуникативті қабілеттілікті дамыту
Ит адам досы	Кеңістікті бағдарлауды қалыптастыру.
Елестету	Бұлшық еттердің шиеленісінен арылу қабілеттілігін дамыту.
Неден кейін не?	Елестетуді жетілдіру.

Қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту

№	Атауы	Мақсаты
1	**Алтын күз «Жемістер жинау» ойыны**	Жыл мезгілдері.Балалардың күз туралы ұғымдарын кеңейту. Күзгі табиғат жөнінде ерте, кеш, күз мезгілдері туралы білім беру . Күздегі ауыл шаруашылығындағы еңбектің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Жемістерді жинау еңбек етуге деген ынта мен ықемділікке тәрбиелеу.
2	**Нан - ел байлығы**	Нан - өмірдің негізі екеніне түсініктерін кеңейту. Жердің қамқорлықты қажет ететінін түсіндіру. Диқаншылардың еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу . Өсімдікке өсіп - өну үшін ауа, су, жарық, жылу қажет екені туралы білімдерін дамыту. Кезекшінің міндетін атқару – нан салғышты дастаран басына әкеліп көмектесуге үйрету.
3	**Тау - тастар құпиясы**	Табиғат бұрышындағы жұмысты педагогпен бірге атқару. Өлі табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлері, туған өлке табиғатына сүйіспеншілік және жауапкершілік сезімін дамыту. Тау – тас құпияларын бірге анықтауға беімдеу. Қызығушылықтарын аттыру.
4	**Менің шкафтарым**	Балалар киім шкафтарын жинастыру. Бүктеп жинауды үйрету. Аяқ киімдерін ретімен жинау. Тазалық сақтауды, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
5	**Ойыншықтарым**	Ойыншықтарды сүреге әдемілеп жинау, сөрені сүрту. Ойыншықтарды сындырмауға, ұқыпты жинауға тәрбиелеу.
6	**Жеміс жидектерді жасау**	Қағазды ортасынан түзу сызықпен бүктеу, желімдеу, жырту, мыжғылау арқылы жеміс – жидектерді жасау. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
7	**Қыстап қалатын құстарға ұя жасау**	Қыстап қалатын құстарға жұмыртқа қабығынан ұя жасау. Балаларға құстар туралы,олардың өмір сүру ортасы, табиғат бұрышындағы, қыстайтын құстар өміріндегі адаманың рөлі туралы түсініктерін кеңейту . Құстардың жерде өмір сүретіндігі мен ауада ұша алатындығы жөніндегі ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру .
8	**Бөлме өсімдіктері және оларды күту «Су тасушы» ойыны**	Су таситын шелекті жаңғақ қабығынан жасап үйрену.Балаларды бөлме өсімдіктеріне ылғалдың қажеттілігі туралы түсінікті қалыптастыру . Өсімдіктердің қасиеттеріне пайдасына зейіндерін аудару . Балалардың байқағыштығын арттыру .
9	**Шкаф жасау**	Сіріңке қораптарыннан шкаф жасау. Желімдеу, қию арқылы ұқыптылыққа және өзінің бұйымдарына деген қызығушылығын дамыту.

10	**Жабайы аңдар**	Сұраққа толық сөйлем құрап, жауап беруге үйрету. Жабайы жануарлардың кейбір ерекшеліктерін салыстыру мекендері, қоректену туралы түсінік беру. Аңдардың мінез құлқын бейнелейтін әңгіме арқылы балаларды анық сөйлеуге және оларды қорғауға үйрету.
11	**Ойыншықтар мерекесі**	Балаларды ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту,ойыншықтардың аттарын атай отырып,оларды сипаттауға,ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.
12	**Ойыншықтар айтысы**	Балаларды ойыншықтар туралы түсініктерін молайту,ойыншықтардың аттарын атай атай отырып ,оларды сипаттауға қалай ойнау керек жолдарын аша отырып ,ұқыптылыққа,әдеміліке тәрбейелеу.Ойыншықты ұқыпты ұстауға дағдыландыру.
13	**Қысқы киімдер**	Балаларға киім, киім түрлері туралы түсінік беру. Ұлттық киім мен күнделікті киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, жұмбақтар шешуге үйрету.Киімдерді таза, ұқыпты киінуге тәрбиелеу.
14	**Көңілді қыс**	Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілдерінің ерекшіліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс баяндауға, байланыстыра сөйлеуге төселдіру.
15	**Көктем**	Балалардың тілдерін дамытып, ой – өрісін кеңейту, сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, әңгімелеп айтуға, берілген сұраққа нақты жауап беруге үйрету, құстарға, ағаштарға, қамқор болуға, еңбекшіл болуға тәрбиелеу.
16	**Мамандықтың бәрі жақсы**	Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып,болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп ,қызығушылығын арттыру,еңбеке деген құштарлығын ояту,үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.Көлік,мамандығы туралы білімдерін тянақтау.Сурет бойнша әңгіме құрастыруға,жұмбақтар білуге үйрету.
17	**Ынтымақ мерекесі**	Балалардың мерекелік көңілін көтеру, өздерінің ойларын ортаға салуға, тақпақ, әндерді анық нақты нақышына келтіре айтуға үйрету. Бірін – бір сыйлауға тәрбиелеу.
18	**Жеңіс мерекесі**	Баланың айналаны, өзін тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге, ренжетпеуге, досының айтқанын аяғына дейін тындауға үйрету. Тілдерін дамытып, ой – өрістерін кеңейту, сөздік қорларын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Түзету жұмысы

№1.

Мақсаты: Баланың өз бетімен іс-әрекетін, шапшаңдығын, бейнелі ойлау қабілетімен есте сақтауын дамыту.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: қарындаш, ақ парақ, түрлі-түсті бояу қарындаш, фломастер.

Сәлемдесу. Балалар бір-бірімен сәлемдесіп болған соң оларға ойын ұсынылады. «Сәнді қимыл» ойыны. Оркайсысы өз ойынан қимыл ойлап, бөлме ішінде ары-бері қимылды көрсетіп 2-3 минут жүреді. Кімнің қимылы сәнді? Назар аударғандары ұнаған қимылдарын салып, ойынды жалғастырады.

1 жаттығу: «Бейнелі ойлауы мен сезімталдығын дамыту».

Мақсаты: Баланың бейнелі ойлауын жетілдіру.

Жүргізуші: «Мен сендерге мысалдар айтамын, ал сендер әр айтылған мысал сайын көздеріңді жұмып, суреттен көріп отырғандай елестетіңдер».

*Елікке шабуыл жасаған арыстан.
*Құйрығын бұлғаңдатып тұрған ит.
*Көжеге түскен шыбын.
*Қараңғыда түскен найзағай.
*Сүйікті көйлегіне түскен дақ.
*Күн көзінде жалтылдаған тамшылар.
*Сүйікті ойыншығыңды ұрлап бара жатқан досың.

Енді жоғарыда айтылған мысалдарды естеріңе түсіріп, ақ параққа жазып көрсетіңдер. Бұл жаттығуды қолдану арқылы баланың көру есін дамытуға болады.

Сергіту сәті. Көрініс: «Сорғыш және доп»

Мақсаты: жекелей бұлшық ет топтарын жаттықтыруға арналған. Ойынға екеу қатысады. Біреуі үлкен үрленген доп, екіншісі допты сорғышпен үрлейді. Денесі желге толған «доп» аяқтары бүгіліп, қолы, мойыны босап, өзін еркін сезінеді. Басы төмен салбырап, доп ауамен толық толтырылмаған. «Сорғыш» допты үрлей бастайды. Қолдың әр үрлеген қимылы сайын «с» деген дыбыс шығады. Ауа толған сайын қолдары денесінен алшақтап, басын жоғары көтереді. Доп дөп-дөңгелек болып үрленеді, шлангасын ағытып жібергенде күшпен «ш» деген дыбысы шығады.

Денесі қайта босаңсып, бастапқы қалпына келеді. Соңында ойыншылар орындарын ауыстырады.

№2.

Мақсаты: Баланың қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, кеңістікте бағдарлауын дамытумен қатар зейінін, көру арқылы есте сақтауын дамыту.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: қарындаштар, ақ парақ, түрлі-түсті қарындаштар мен таяқшалар, бояулар мен фломастер.

Сәлемдесу: сәлемдесу аяқталған соң баланың жігерлілік, табандылық сияқты қасиеттерін дамытуға байланысты ойын ұсынылады. Балалар шеңбер жасап турады. Олардың арасынан уақытша ойыннан шыға тұратын баланы өздері таңдайды. Ұйымдастырушыны баланың рөлі – ортаға шығып, әртүрлі қимыл көрсетіп, қалғандары сол қимылды айнытпай қайталауы керек. Уақытша ойыннан шыққан бала қайтып келіп, шеңбер бойыны тұрып, ұйымдастырушы баланың кім екенін анықтауға күш салады. Егер ол дұрыс танып, атаған жағдайда ойын аяқталады немесе балалардың қалауымен ойын жалғастырылады.

Сергіту сәті. Ойын: «Мен қайдамын?».

Мақсаты: кеңістікте бағдарлауын, есту арқылы қабылдауы мен көру есін дамыту, зейінін аудару.

Жүргізуші: Қазір мен сендермен мынадай ойын ойнамақпын. Сендердің араларыңнан біреу ізкесуші болып сайланады. Біз оның көзін байлаймыз. Ол бөлменің бұрышында тұрады, ал қалғандарын бөлменің әр жерінен орын аласыңдар. Балалар өз орындарын тауып болған соң ізкесуші балалардың біреуінің атын айтады. Сол бала тұрған орынан қозғалмастан маңайындағы кез-келген затты тоқылдатады. Ізкесуші дыбыстың шығуына байланысты өзі атын атаған баланың қай жақта тұрғандығын атайды. Дұрыс танып, атаса басқа бала ізкесуші болып сайланып, ойын ары қарай жалғастырылады.

2 жаттығу:
Мақсаты: көру есін дамытуға бағытталған.
Баланың алдына таяқшалар ұсынылады. Бұл таяқшалардан қандай да қарапайым денелер (үй, шаршы, үшбұрыш) жасауға болады. Бала назарын осы денелерге аударып, кейін құрастырылған денелерді жауын қойып, еске түсіруін сұраймыз. Бұл жаттығуды күрделендіруге болады (түрлі-түсті таяқшаларды қолдану арқылы). Бала түс бойынша таяқшалардың орналасу ретін еске сақтап, өз еркімен құрастыра алуы керек.
Келесі нұсқа: құрастырылған дене таяқшаларын санау арқылы баланың көру есі ғана емес, санау іскерлігі де жетіледі.

№ 3.

Мақсаты: Баланың қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, көпшілік ортада өз-өзін ұстауын, өзіне - өзі сенімділігін арттыру және қорқынышын сейілту. Ес процестерін дамыту.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: қарындаштар, ақ парақ, түрлі-түсті қарындаштар, бояулар мен фломастер.

Сәлемдесу. Балалар бір-бірімен сәлемдесіп болған соң ойын ойналады «Серіктер». Балалар бөлме ішінде еркін қозғалып жүріп, қай елге сапар шегетіндерін айтады. Бір – бірін естіген балалар қолдарынан ұстап, бірге жолаушылайық, деп бір мәмілеге келіп, өзара келіседі. Ойынның басты мақсаты да жол-жөнекей өзіне серік табу болатын.

Ойын: «Суреттерді орнына қой».
Мақсаты: еске сақтау ауқымын кеңейту.
Мысалы: қант, оқ, жәшік, балық, би, алмұрт. Кейін айтылған сөздердің суреттерін тауып беру.

Сергіту сәті. Ойын: «Тығылмақ».
Мақсаты: Бір-біріне жағымды әсер қалдыру, өзін-өзі сенімділігін арттыру, қорқынышын сейілдіру.
Ойынның барысы: Балалар өз арасынан бір баланың көзін мықтап байлап, өздері бірінің қолдарынан бірі ұстасып өлең айтады. Соңғы сөзді айтып үлгерместен жан-жаққа бытырап қаша жөнеледі. Ортадағы көзі байланған бала оларды ұсауға кіріседі. Ұстап алға жағдайда көзін шешіп, ойынды басқа бала жалғастырады.
Ойын: «Бейнесіне қарай тану».
Мақсаты: Баланың байқағыштығын, еске сақтауын дамыту. Балалардың қалауымен топтан 5 бала таңдалынады. Біреуі жүргізуші болады. Қалғандары «көрермендер» болып, орындықтарға жайғасады. Олар жүргізушіге өздерінің сыртқы бейнелерін көрсетеді. Жүргізуші мұқият қарап, есіне сақтауға тырысады. Кейін жүргізуші олардың әрқайсысының бейнесін көргені бойынша салып береді.
Үйге тапсырма: Ата-аналарға баламен жұмыс жасау қажет. Есте сақтаудың әдістерін үйрету, мысалдар келтіру, әңгіме оқытып, мазмұндау сияқты тәсілдерді пайдалану.

№ 4

Мақсаты: Баланың байқампаздығын, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, жаңалыққа ұмтылу сияқты қасиеттерін дамытумен қатар бейнелік есін, бұлшық еттерін жетілдіруге бағытталған.
Қолданылатын құрал- жабдықтар: ақ парақ, қарындаштар, бояулар, түрлі- түсті қарындаштар, фломастерлер.

Сәлемдесу. Ойын: «Айна»

Мақсаты. Қарым –қатынасын, байқағыштығын дамыту. Топ ішінен бір бала жүргізуші болады. Ол көз алдына көп айнасы бар дүкенді елестетеді. Жүргізуші бала шеңбер ортасында тұрады, ал балалар шеңбер бойында тұрады. Ол әртүрлі қимылдар көрсетеді., ал «айналар» сол қимылды қайталайды.
Ескерту: Жүргізушінің рөлін барлық бала ойнауға болады.
3 жаттығу: Бейнелік ойлаудың тура және ұқсас түсінігі.
Мақсаты: Бейне арқылы түсінігін қалыптастыру. Жаттығу екі кезең бойынша өтеді. Осы кезеңде бала көрген бейнесін мықтап есіне қалтыра алмайды. Сондықтан оларға графикалық бейнелерді көрсетуді қолдану керек.

«Мен айтқан сөздердің әркайсысына сурет салып көріндерші»Баланың кандай да бір бейнені көру арқылы қабылдан, түйсіну тез әрі жылдам болады. Мысалы: біркатар топталар үлгісі:

Топтама 1.

Жүк машинасы	Ақылды мысық
Ашу	Қорқақ бала
Қызықты ойын	Қыцыр бала
Ағаш	Мамыражай ауа-райы
	Қызықты ертегі
Адалдық	Жақсы дос, жолдас

Екінші кезең мысалдар мен сөздерді ойда сақтаумен сипатталынады.

Сергіту сәті. Көрініс «Байланыс».

Балалардың біреуі жүргізуші болады. Ол бөлмеден шығып, кетеді, ал қалғандары жүргізушінің кім болғандығын табуы керек. Ол туралы мінезіне сәйкес сұрақтар қойылады.

- Оның мінезі қандай жануарға ұқсайды?
- Қандай өсімдікке ұқсайды?
- Қандай тамақ, сусын ішеді?

Қойылатын сауалдар әртүрлі болғаны дұрыс және жүргізушінің киялына байланысты. Тек бір ғана ескерту. Баланың кескін-келбетіне байланысты сұрақтар қоюға болады.

Ойын: «Қиялдаған затты беру»

Мақсаты: байқампаздығын, бейнелі ойлауын дамыту. Мысалы: мысықты сипайды, доппен ойнайды. Заттың атауы дауыстап айтылмайды, тез қимылмен көрсетілінеді. Зат барлығының қолынан өтеді, әрбіреуі нендей зат берілгенін қолымен ұстап көріп, сезіне білуі керек.» мамықтай жұмсақ,мысық, тығыз доп). Бұл жаттығу есте сақтауды дамытуға арналған тамаша тәсіл.

Қоштасу.

Үйге тапсырма: Ата-анасымен бірлесіп берілген тақырып бойынша дамыту. Жұмыстарын жүргізу. Есте сақтаудың қарапайым әдістерін ұсыну. Мысалы: бала бірнеше секунд жазу үстелінде жатқан заттарға назар аударып қарап алып, жауып қойып есіне сақтағанын айтып беру т.б. Тағы бір қарапайым әдісті ұсынуға болады: балаға өзін фотоаппарат деп елестетіп, өзін коршаған заттар мен адамдарды, ситуациялық жағдайларды суретке түсір деп ұсыныс жасау. Осындай қарапайым әдістерді үйде баламен жасауға болады.

№5

Мақсаты: Баланың байқампаздығын, зейінін дамыту, бейнелік ойлау қабілеттерін және есте сақтауын жетілдіру.

Құрал-жабдықтар: қарындаш, ақ парақ, балаларға арналған орындықтар.

Сәлемдесу. Балалар бір-бірімен амандасып болған соң ойын ойналады.

Ойын бала белсенділігін дамытуға бағытталған.

Ойын: «Бастапқы жағдай», - деп аталады.

Мақсаты: байқампаздығын, зейінін дамыту.

«Балалар, мен сендерде сергіту жаттығуларын жасауға шақырамын. Әркім өз орындығын тауып орналассын. Менің нұсқауымен «Тұрыңдар» дегенде сендер жылдам орындарынан тұрып, «отырыңдар» дегенде отырулары керек. Барлықтарың бірге тұрып, бірге отыруға тырысыңдар».

3 жаттығу «Бейнелік ойлаудың тура және ұқсас түсінігі».

Мақсаты: Бейнелік ойлау қабілетін дамыту. Екінші кезеңі мысалдар мен сөздерді қағаз бетіне белгілемей ойда сақтауды дамыту.

Психолог: «Балалар, мен сөздерді оқимын, ал сендер осы сөздерді естеріңе сақтауға тырысыңдар және де осы жолы әр сөзге сурет салысыңдар. Ал қазір ақ парақ алып, сөздерді естеріңе түсіре отырып, жазыңдар».

Сергіту сәті. Көрініс «Шаңсорғыш пен шаң».

Мақсаты: есте сақтау қабілетін жетілдіру. Жеке сөздерден құрастыру. Ойынға қатысушылардың әрқайсысы кезекпенен кез-келген сөзді айтады. Әркім өзінің ойлаған сөзін айтпас бұрын алдыңғы балалардың айтқан сөздерін қайталауы керек. Нәтижесінде жалпы бір оқиға немесе әңгіме шығуы керек.

Қоштасу.

Үйге тапсырма: Ата-анасымен бірлесіп берілген тақырып бойынша дамыту әдістерін жүргізу керек. Балаңызға карточкадан көрсетілген сандық қатарды көрсетіп, жазылған қалпында қайталауын сұраңыз. Кейін бұл қатар бір санмен көбейеді. Бұл максималы сандық өлшемді бала қалай қайталай алады?

6	2					
2	8	3				
3	7	1	4			
6	3	9	1	5		
7	1	4	9	2	6	
8	4	1	8	3	9	2

№7

Мақсаты: Баланың қарым-қатынас дағдыларын, өзара топтық байланысын, есте сақтаумен және қабылдау қабілетін дамыту.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: үлестірмелі материалдар, қарындаштар.

Сәлемдесу. Балалар бір бірімен сәлемдесіп болған соң белсенді іс әрекетін дамыту мақсатында «Жануарлар» ойыны ойналады. Ойында балалар екі топқа бөлініп, әр топ бір-біріне жануарлар әлемінің көрінісін бейнелеп, кім қандай аңды көрсетіп тұрғандығын тауып жарысады.

5- жаттығу «Баланың көзге көрінетін нәрсені сезінуі»

Мақсаты: Қабылдай отырып сезінуін жаттықтыру.

Жаттығуды орындау үшін ақ парақ, қарындаш, секундомер қажет. (Төмендегі суретте (28) 12 бейне көрсетілген). Балаға суреттің 1-ші қатарын көру ұсынылады. Қалғаны парақпен жабылады. 30 сек. өткен соң сурет толық жабылып, тек 1- ші қатардағы заттарды есте сақтағаны бойынша салады. Кейін салынған суретті үлгідегі суретпен салыстырады. Ары келесі қатарға өтіп, жұмыс жалғастырылады.

Сергіту Сәті. Ойын «Сәтті социаметрия».

Мақсаты: қысқа мерзім ішінде топ балаларының өзара қатынасын анықтау.

Нұсқа: «Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстаңдар (өздеріңе ұнайтын жақсы қарым-қатынастағы).

Ойын: «Баяғыда мысық өмір сүрген екен .....» .

Мақсаты: есте сақтауын дамыту.

Жаттығу бала ойын толықтырумен сипатталынады. Мысалы:

--- Мына мысық әдемі екен .....

---- Мына мысық әдемі әрі мамықтай екен .....

----- Мына мысық мамықтай жұмсақ, жасыл көзді .....

Басқа да нұсқауларды да қолдануға болады. Мысалы: «Әжем тәтті нан пісірді. Бұл .....».

Қоштасу:

Үйге тапсырма: ата-анаға баламен берілген тапсырма бойынша жұмыс істеу керек.3-ші топтамада баланың есте сақтау қабілеттерін дамытудың басқа да әдістерін үйрету.(Әңгіме құрастыру, сандық қатардан бастап, жеңіл сандарды есте сақтау) Мұндай әдістер баланың ұзақ есте сақтауын дамытады.

№ 8

Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, қабылдауын сезінуді дамыту, қорқынышын сейілту және байқағыштығы мен есте сақтау қабілетін дамыту.

Құрал- жабдықтар: үлестірмелі материалдар (абстактілі фигуралар бейнеленген суреттер), қарындаштар, ақ парақ.

Сәлемдесу. Балалар бір бірімен сәлемдесіп болған соң белсенді іс әрекетін арттыруға бағытталған ойын ұйымдастырылады. «Бір ғана әріп». Балалар шеңбер бойында дөңгеленіп отырады. Балалар өз беттерімен бір әріпті таңдап алады. Бөлме ішіндегі бір заттың атауы сол әріптен басталу керек.

Әрбір бала өзі таңдап алған әріптен басталатын затты сағат тілі бойынша атайды. Ең соңғы ойыншы таңдалған әріп бойынша затты атай алса, сол бала жеңімпаз атанады.

6- жаттығу. «Сезімін ояту».

Мақсаты: қабылдауын сезінуін дамыту.
Алғашқыда балаға 4 абстрактілі фигура ұсынылады. Олардың әрбіреуін бала бірнеше минут ішінде көруге тиіс. Кейін фигуралар жабылып, бала ойша көз алдына елестете отырып, фигураларды қағаз бетіне түсіреді.

Сергіту сәті. Ойын. «Тапқыштар».
Мақсаты: баланың көңілін аудару, қорқынышын сейілту.
Балалар екі топқа бөлінеді, бірінің артынан бірі қатарға тұрады. Бұл жарыс ойыны іспеттес. Әр топ ерекше қадаммен бірнеше метр жүру керек. Жүргізуші қай жерге дейін жүру керектігін белгілейді. Он аяқты сол аяқтың артына мейілінше алшағырақ қойып, белгіленген жерге жеткен топ жеңімпаз атанады.

Ойын. «Шекарашылар»
Мақсаты: байқампаздығын, есте сақтауын дамыту.
1-ші нұсқа: бөлмеде орындықтар әр жерде орналасқан. Бала (шекарашы) орындықты кез-келген жағынан айналып өте алады, ал басқа бала (топ басшысы) жолды есіне сақтап, жасағын тура сол жолмен алып өтуге тиіс. Кейін шекарашы, топ басшысы болып, басқа да балалар сайланып, ойынды жалғастырады.

Қоштасу.
Үйге тапсырма: Өтілген тақырып бойынша ата-аналарға тапсырма: балаға таяқшалар беріп, қарапайым заттар жасату (үй, шарша, үшбұрыш, жалау,т.б.)
Осы фигураларды жауып қойып,қайталап құрастыруын сұрау.

№9

Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, есту арқылы есте сақтауын жаттықтыру , өз бетімен зейін аударуын, есте сақтауын дамыту.
Құрал – жабдықтар: балалар орындықтары, қарындаштар, торлы және ақ парақ.
Сәлемдесу. Балалар бір бірімен сәлемдесіп болған соң белсенді іс әрекетін арттыруға бағытталған ойын ұйымдастырылады. «Қағаз үстімен жүру». Балалар екі топқа бөлініп, ойын жарыс түрінде өтеді. Әр топта екі парақтан болады.Тек қағазды басыңыздар, ол үшін екі аяқпен бір парақ қағазда тұру керек. Ал, екінші парақты алдына тастау керек. (осылайша белгіленген жерге және қайтар жерге дейін). Барлық топ мүшелері кезекпен жарысады.

7- жаттығу. «Сөздік материалдар».
(көру және есту арқылы есте сақтауларын жаттықтыруға арналған)
Мақсаты: баланың сөздер туралы түсінігін қалыптастыру.
Жүргізушінің сөзі: «Мен сендерге суреттен көрсете отырып, сөздер оқимын. Әр сөздің түр-түсін, иісін, дәмін, дыбысын көз алдына елестетіңдер. Мысалы: тіс сықпасы (пастасы): түрі-ақ, жылтыр, иісі жағымды, дәмі тәтті, қышқыл немесе бірыңғай тәтті».

Қағаз	Жүн	Етік
Үя	Арба	Саусақ
Мысық	Шаш	Сусын
Дөңгелек	Гүл	Піл
Таяқ	Орамал	Сүйіс
Фильм	Жас	Автобус
Құймақ	Бәтеңке	Дәрігер
Бақыт	Құс	Балмұздақ

Әр сөзді сипаттап, бейнесін елестете отырып, ойда қалдыру.

Сергіту сәті. Ойын «Орын беру».

Балалардың біреуі шеңбердің нақ ортасында орындыққа отырады. Қалғандарының міндеті- ешқашандай күшке бармай жүргізуші баланың орнын алу. Бұл жаттығу балалардың қызығушылығын арттырады және де өте жақсы жаттығу болып табылады. Сондай-ақ басқа адамдардың сеніміне кіру сияқты қасиеттерін арттырады. (сұрау, кондіру, сендіру) Жүргізушіге сұрақ қоюға болады. «Неге тек осы балаға орындығыңызды бердіңіз, ол бала қандай қасиетімен сізге ұнады?,- деген сияқты сұрақтар қойылады.

Тапсырма: «Есту диктанты».
Мақсаты: өз бетімен есте сақтауын, зейінін дамыту. Балалар тапсырма нұсқауларын тыңдап, шарттарын орындауға тиіс. Мысалы:1шарт) 5үй әртүрлі мөлшердегі, 2 шарт) 4 үй ең кішкентайы, 3) 2-ші үйдің төбесінде мұржа,4) орташы үйдің терезесі шар тәріздес.
Қоштасу.
Үйге тапсырма: үйде баланың өз бетімен істейтін әрекеттерін дамыту.

№ 10

Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, көру есін жаттықтыру, тұтастай қабылдауға үйрету, өз бетімен әрекет етуге баулу, жылдамдығын, байқампаздығын, ұжымда бірлескен іс-әрекетін дамыту.
Құрал-жабдықтар: балалар орындықтары, қарындаштар, дәптерлер, сіріңке, магнитофон.

Сәлемдесу. Ойын «Жаңылыс».
Мақсаты: баланың белсенділігін арттыру, есте сақтау қабілетін жетілдіру. Топтың ішінен жүргізуші сайланады. Оның көзі байланып, теріс қарап турады. Қалған балалар бірінің қолынан бірі ұстап, шеңбер жасап тұрады. Олар ұстасқан бойы шеңбер бойымен жүреді, айналады. Сонымен шатасып, жаңылысып, бүтін «оралған жіпке» айналады. Жүргізушінің міндеті: «оралған жіпті» ажырату. Осындай сергіту жаттығулары балалардың топтағы ұйымшылдық қасиеттерін дамытуға бағытталады.


8 жаттығу. «Фигуралар».
Мақсаты: көру есін жаттықтыру.
Балалар жұптарға бөлінеді. Алдымен жұптағы баланың біреуі үстел үстіне сіріңкені жайып, парақпен жауып қояды. 1-2 секундқа ашып, құрастырылған фигураны досына көрсетеді. Екінші ойыншы көзін жұмып, қанша сіріңке жұмсалғанын санауға тырысады. Көзін ашып, сіріңкенің орналасу дұрыстығын тексереміз. Кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.

Сергіту сәті. Ойын «Ән».
Мақсаты: баланың мазасыздығын сейілту, көңіл-күйін көтеру.
Балалар шеңбер жасап, орындықта отырады. Шеңбердің ортасына жүргізуші шығып «Біз бәріміз бірге өзімізге жақсы таныс бір әнді айтып көрейік. Бұл ән екі шумақтан тұрады». (Егер керек болса сөздерін еске салу). Жүргізуші ойын ережелерін еске салып өтеді: «Мен шапалақ ұрғанда әнді айтуды бастаймыз», ал екінші шапалақ ұрғанда ән жалғасады (ойы бойынша, өз ішінен), ал үшінші шапалақта барлығы бірге дауыстап айтады.

Тапсырма. «Көру диктанты».
Мақсаты: көру арқылы қабылдауын дамыту. Баланың көру арқылы қабылдауына тақтаға немесе карточкаға жазылған сөздер ұсынылады (1 секундта 1 әріп). Кейін сөздер жабылып, қатысушылар берілген тапсырманы естеріне сақтағаны бойынша орындайды.

Қоштасу.
Үйге тапсырма: Өтілген тақырып бойынша ата-аналарға тапсырма: таяқшаларды санату, фигураны құрастыру сияқты жаттығулар баланың көру есін ғана емес, санау іскерліктерін де жетілдіреді.

Шаяхметов Руслан





















Имя ребенка





















1	2	3	4	5
				
				

1. Аюдың іздері




Шаманов Хусаин

Шамшов Артем




"Жеңіл көйлек"



Шәлімов Құрман

Арсений

1




1 1 1 1 1 1 1

1 1 1 1 1 1 1

1 1 1 1 1 1 1

2




2 2 2 2 2 2

2 2 2 2 2 2

2 2 2 2 2 2

Шамшов Хусейн






11 Композиция "



Шилинов Кусаин

"Алиса кар"



Шолпанов Нұрсын.

«Мысленный»



Шалимов Артем

"Күннің мен шуағы"



Шалимов Хусай

" Ұшқыш шарлар "



Шалшиков Нұрсұлтан

"Аквариумдагы балыктар"



Шалимов Нурсат

II Костегі гүлдер 4



Шаймиов Чудоми


Түйе-бота

1. Сөздерді оқы.Есіңе сақта.

Түйе түйе бота бота





2. Суреттен ботаны көрсет.




3. Боганың суретін боя.

Тапсырма: Қоянды көрсет.(Аюды көрсет. Түлкіні көрсет.)














Фигуралармен лабиринт



Шаяхметов Руслан



